

«Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ университет» АҚ

Көлік және құрылыс институты

Жылжымалы құрам кафедрасы



БЕКЖЕМИН

І.К. төрағасы

Амиргалиева С.Н.

2024 ж.

«26» 09 2024 ж, хат. № 2

**6B07116 – Вагондар Білім беру бағдарламасының
бейіндік пәндері бойынша**

АТТЕСТАТТАУ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2024

6B07116 – Вагондар білім беру бағдарламасының базалық және бейіндік пәндері бойынша аттестаттау (кешенді) емтиханының бағдарламасы МЖӘБЖСБ ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №21 өзерістермен бұйрығы, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және бекітілген түрлері ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 02 тамыздағы №379 бұйрығы өзерістермен, 6B07116 – Вагондар білім беру бағдарламасымен, пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырылған.

Бағдарлама Жылжымалы құрам кафедрасының отырысында қаралды және талқыланды, 19 қыркүйек 2024 ж. күнгі № 1 хаттамасы.

Жылжымалы құрам кафедрасының меңгерушісі



Аширбаев Г.К.

Бағдарлама Көлік және құрылыс институты Оқу-әдістемелік бюросының (ОӘБ) отырысында қаралды және мақұлданды, 24 қыркүйек 2024 ж. күнгі № 2а хаттамасы.

Көлік және құрылыс институты
ОӘБ төрағасы



Абдрешов Ш.А.

Бағдарлама қаралды және ОӘК отырысында ҒК бекітуге ұсынылды.
« 25 » 09 2024 ж. күнгі № 1 хаттамасы.

ОӘК төрағасы



Жармағамбетова М. С.

Мазмұны

1	Кешенді емтиханның мақсаты	4
2	Кешенді емтихан өткізу регламенті	4
3	Білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері	5
4	Кешенді емтиханның мазмұны	7
5	Ұсынылатын әдебиеттер	9

1 Кешенді емтиханның мақсаты

«6B07116 – Вагондар» білім беру бағдарламасының базалық және бейіндік пәндері бойынша аттестаттау (кешенді) емтиханының мақсаты - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің өзгеріс енгізілген 2023 жылғы 19 қаңтардағы № 21 бұйрығымен, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларымен бекітілген түлектердің даярлық деңгейінің бакалавриат МЖӘБЖСБ талаптарына сәйкестік дәрежесін айқындау болып табылады. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02.08.2023 ж. № 379 бұйрығымен өзгерістер енгізіле отырып, «6B07116 – Вагондар» білім беру бағдарламасы мен пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары (ПЖОБ) үшін типтік үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын айқындаған.

2. Кешенді емтихан өткізу регламенті

Қорытынды аттестаттау ретінде аттестаттау (кешенді) емтиханы академиялық күнтізбеге сәйкес және ағымдағы оқу жылына арналған оқу процесінің кестесіне сәйкес өткізіледі.

Аттестаттау (кешенді) емтиханына толық оқу курсы аяқтаған және оқу жоспарында көзделген барлық алдыңғы аттестаттау сынақтарынан сәтті өткен адамдар жіберіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша аттестаттау (кешенді) емтиханын қабылдауды аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – АК) жүзеге асырады.

"6B07116 - Вагондар" білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі-АК) құрылады. АҚ төрағасы мен комиссияның дербес құрамын "М. Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті" АҚ Президент-Ректоры бекітеді.

Аттестаттау комиссиясының құзыретіне:

- білім беру бағдарламаларының талаптарына белгіленген бітіруші кадрлардың теориялық және практикалық даярлығының сәйкестік деңгейін тексеру;
- бітірушіге тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр дәрежесін беру;
- кадрларды даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Базалық және бейіндеуші пәндер бойынша аттестаттау (кешенді) емтиханының бағдарламасы емтихан өткізудің болжамды күніне дейін бір айдан кешіктірілмей білім алушылардың назарына жеткізіледі және Университет сайтында жарияланады.

АК білім алушылардың жауаптарын талқылауды және түпкілікті бағалауды балдық-рейтингтік мәндегі қорытынды бағаны айқындай отырып, жабық отырыста жүргізеді (1 - кесте-Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері).

Аттестаттау (кешенді) емтиханының нәтижелері емтихан тапсырған күні білім алушыларға жеткізіледі.

Оң бағаны арттыру мақсатында аттестаттау (кешенді) емтиханын қайта тапсыруға жол берілмейді.

"Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған аттестациялық (кешенді) емтиханды қайта тапсыруға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат етілмейді.

Қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушы Президент-Ректордың бұйрығымен "Білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: аттестациялық (кешенді) емтихан тапсырмаған" ретінде Университеттен шығарылады.

Қорытынды аттестаттаудан өткен және білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен "бакалавр" дәрежесі беріледі және қосымшасы бар диплом беріледі.

3. Білім алушылардың білімдерін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

№	Әріптік жүйедегі баға	Баллдардың сандық эквиваленті	%-тік құрауы	Дәстүрлік жүйе бойынша баға	Бағалаудың критерийлерінің көрсеткіштері
1	2	3	4	5	6
1	A	4,0	95-100	өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Материалды осы заманғы теорияны ескере отырып толық, дұрыс баяндайды; 2. Қосымша білімдерін көрсетеді; 3. Теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстырады; 4. Терминологияны еркін меңгерген; 5. Себептік-салдарлық байланыстарды қондыра алады; 6. Болжау жасай алады; 7. Қосымша сұрақтарға сенімді жауап береді.
2	A-	3,67	90-94		<ol style="list-style-type: none"> 1. Материалды осы заманғы теорияны ескере отырып дұрыс баяндайды; 2. Толық жауап береді, өздігімен тұжырымдар мен жалпыламалар жасайды; 3. Терминологияны жақсы меңгерген; 4. Себептік-салдарлық байланыстарды қондыра алады. 5. Қосымша сұрақтарға толық жауап береді.
3	B+	3,33	85-89	жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Материалды жақсы баяндайды; 2. Толық жауап береді, өздігімен тұжырымдар мен жалпыламалар жасайды; 3. Терминологияны меңгерген; 4. Қисыннан қиыстыруға ие. 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді.
4	B	3,0	80-84		<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі материалды біледі; 2. Мысалдарды негізді келтіреді; 3. Жалпыламалар мен тұжырымдар жасайды; 4. Терминологияда, баяндауды қисыннан қиыстыруда дәлсіздіктер жібереді. 5. Қосымша сұрақтарға жауап береді.
5	B-	2,67	75-79		<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі материалды біледі, бірақ қисыннан қиыссыз жаңсақ жауап береді; 2. Терминдерді қолданған кезде дәлсіздіктер жібереді; 3. Қосымша сұрақтарға жауап берген кезде қателіктер жібереді.

6	C+	2,33	70-74	қанағаттанарлық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тек қана теориялық білімдердің негіздерін игерген; 2. Тұжырымдар мен жалпыламаларды жасай алмайды; 3. Терминологияны қолданбайды; 4. Қосымша және анықтайтын сұрақтарға жауап береді.
7	C	2,0	65-69		<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі материалдың білімдерін толық игермеген; 2. Қисыннан қиыстыруға жоқ; 3. Жауабы үзінді түрде; 4. Қосымша сұрақтарға толық жауап бермейді.
8	C-	1,67	60-64		<ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі материалдың білімдерін толық игермеген; 2. Дәлсіздіктер жібереді. тұжырымдар мен жалпыламаларды жасай алмайды; 3. Қисыннан қиыстыруға жоқ; 4. Қосымша сұрақтарға жауап берген кезде қателіктер жібереді.
9	D+	1,33	55-59		<ol style="list-style-type: none"> 1. Материалдың көп бөлігін білмейді; 2. Материалда нашар бағдарланады; 3. Сұраққа жауапты қисыннан қиыстыруға жоқ; 4. Қосымша сұрақтарға жауап қайтаруға қиналады.
10	D	1,0	50-54		<ol style="list-style-type: none"> 1. Көптеген дәлсіздіктерді жібере отырып теория негіздерін білуі мен түсінуі, түсінуді төмендететін кейбір үстінгі бетшілігі. бірақ оқытушының жетелегіш сұрақтарының көмегімен дұрыс пікірге келу қабілеттілігі.
11	F	0	0-49		қанатт а-нарлық

4. Кешенді емтиханның мазмұны

Емтихан сұрақтарының тақырыбы бейіндік пәндер циклдерінің жұмыс оқу бағдарламаларынан (силлабустардан) таңдалған бөлімдерге сәйкес келеді:

1. БП – Еңбекті қорғау;
2. БП – Вагондар шаруашылығы;
3. БП – Вагондарды жөндеу технологиясы.

Кешенді емтихан теориялық сұрақтар мен практикалық тапсырмаларды қамтиды:

«ВАГОНДАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ» ПӘНІ БОЙЫНША

Вагон шаруашылығын ұйымдастыру және басқару.

Вагондарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі. Вагон шаруашылығын басқару. Вагон паркі.

Вагон шаруашылығының материалдық-техникалық базасы.

Жүк вагондары мен контейнерлерді ағымдағы ұстаудың техникалық базасы. Жолаушылар вагон шаруашылығының материалдық базасы. Жөндеу депосының материалдық базасы. Вагон шаруашылығы объектілерін жобалау және реконструкциялау.

Вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

Жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету және жабдықтау. Автотежегіш мен автотіркегіш жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Жүк және вагон депосының негізгі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру. Вагондарды тасымалдауға дайындауды ұйымдастыру.

Вагон шаруашылығының негізгі функциялары.

Вагон конструкцияларының зақымдануы мен істен шығуын уақтылы анықтау. Вагондардың жүру жолында оларға техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу. Вагондарды ірі көлемде жөндеу. Вагон шаруашылығын дамыту перспективалары.

«ВАГОНДАРДЫ ЖӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША

Өндірістік және технологиялық процестер.

Вагондарды жөндеу барысындағы өндірістік және технологиялық процестер. Вагондарды жөндеу кезіндегі өндеу және құрастыру дәлдігі.

Тозу процестері және вагондарды жөндеуге дайындау.

Тозу түрлері және олардың пайда болуы. Вагондарды жөндеуге дайындау.

Вагон бөлшектерінің ақаулары мен оларды жөндеу технологиясы.

Доңғалақ жұбының ақаулары. Доңғалақ жұбын жөндеу. Букса торабының ақаулары мен жөнделулері.

Вагондар тораптарының жөндеу технологиясы.

Жолаушы және жүк вагондарының арбашаларында кездесетін ақау түрлері. Арбашаларды жөндеу технологиясы. Редукторлы – карданды жетекті жөндеу. Серіппелер ілінісі элементтерін жөндеу. Автотіркегіш құрылғысын жөндеу. Гидравликалық тербеліс өшіргіштерді жөндеу. Автотіркегіш құрылғысының ақаулары. Вагондар шамақтарын жөндеу.

«ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ» ПӘНІ БОЙЫНША

Еңбекті қорғау терминологиясы, концепциясы, міндеттері мен принциптері.

Еңбекті қорғаудың анықтамасы, түсінігі, міндеттері және функциясы. Еңбек қорғаудың басқару жүйесі. Еңбекті қорғаудың ұйымдастырушылық, ұжымдық, әлеуметтік және құқықтық тұрғыда еңбектің қорғалуы, еңбек қауіпсіздігі. Өндірістік жарақаттану себептерін зерттеу әдістері.

Қауіпті және зиянды факторлар . Еңбекті қауіпсіздігі және оны қамтамасыз ету жолдары.

Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың және қорғану амалдарының классификациясы. Өндірістік бөлмелердегі және жұмыс орындарындағы микроклимат. Өндірістік жарық. Өндірістік шуыл және онымен күресу шаралары. Дірілден қорғауды есептеу әдістерін игеру.

Өрт қауіпсіздігі, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды және өндірістік жабдықтарды пайдалану кезіндегі еңбек қауіпсіздігі.

Көлік нысандарындағы өрт қауіпсіздігі. ҚР объектілерінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қысым астында жұмыс істейтін қондырғылар мен ыдыстарды пайдалану кезіндегі еңбек сақтау қауіпсіздігі. Өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыздандыру.

Электр тогының зақымдаушы факторларынан қорғау. Өндірістік объектілер мен жұмыс орындарына қойылатын санитарлық-техникалық және эргономикалық талаптар.

Электр тоғымен зақымдану факторларынан қорғану. Өндіріс объектілеріне қойылатын санитарлық – техникалық талаптар. Еңбекті қорғаудың эргономикалық негіздері.

5. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

5.1 НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
2. Байкенжеева А.С., Торғаев А.А., Мельдешов А.А. Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік. Оқулық, Алматы, 2020, 427б.
3. Байкенжеева А.С. Еңбекті қорғау және инженерлік есептеулер. Оқу құралы, Алматы, 2019, 205б.
4. Сулеева Н.З. Вагондар шаруашылығы. Алматы: ҚазККА, 2019.-149б.
5. Разработка технологических процессов ремонта в условиях вагонного комплекса: учебник/Н.Ю. Кошелева и др.- М.: ФГБУ ДПО "Учебно методический центр по образованию на железнодорожном транспорте", 2018.- 262 с.